



№4/2014
мамыр/май



*Астана қаласының
мәдени мұрасы*
Культурное наследие города Астаны



Болашаққа жолданған, рәміздері елімнің!

Біз - алатын күні Федерацияға
қол бағрамын өлем біліктерінде
жеңбіреткен бейбітшіліктің аяғын аманаттамын.
Н.Назарбаев

Восстановление Независимости -
это законное возмещение жертв,
принесенных нашими предками
в многолетней борьбе за свободу.
Н.Назарбаев



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзі: Нұрсұлтан Назарбаев
Жүмекен Нәжімеденов
Әні: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!



Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО және ИСЕСКО
істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясы

Құрылтайшы: «Атамекен» Қазақстан Картасы»
этно-мемориалдық кешені» МКҚК
Директор Ү. Д. Мұналбаева

Редакция алқасы:

Б. Б. Мажағұлов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұразхан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕКСО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Н. В. Шиврина	Астана қаласы қазіргі заман мұражайының директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал
«Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие
города Астаны» № 4/2014 г.
Издается с марта 2014 года
Периодичность – один раз в месяц
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и
информации РК, Управления культуры
акимата города Астаны.
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс
«Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана,
Кургальджинское шоссе, 2/1
тел.: +7 (7172) 24-31-72
www.atamekenmap.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7
Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м²
Обложка формата А4 плотность 250 г/м²
Заказ № 4

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.
Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией
редакции. За точность публикуемых сведений
и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция
оставляет за собой право редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.
Журнал отпечатан в собственной типографии.
Тираж 1000 экз.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

4	Мәңгілік елге саяхат
10	Санкт-Петербургте Астана қаласының мәдениет күндері өтті
10	Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні
11	4 маусым – мемлекеттік рәміздер күні
11	Бас редактор бағаны
12	Тарих толқынындағы халық
15	Екі рет ажалдан аман қалған
18	Театральная жизнь: продолжение следует!
20	«Тоска»: «любовь никогда не перестает
22	Экспонаты требуют заботы
26	Мұражайлар дамуының бүкіләлемдік тарихы
28	Всемирная история развития музеев
30	Патриотов надо воспитать
32	Активное вторжение
36	Мұнара басы – ақ кесенеге бардың ба?
38	Аңыздан жеткен ақыртас
43	Бауыржан момышұлы ескерткіші
44	Жент жәдігерлері
46	Ежелгі тараз ескерткіштері
48	Есік - рахат археологиялық кешені
50	Балалық шақтағы арманым жетелеп келеді...
51	Реквием строгих линий
52	Сокровища нации – тумар народа
54	Кәріс ұлтының этномәдениет бірлестігі ұсынады
55	«Жапон халық ертегілері» атты көрме
55	Одна ночь из тысячи
56	Шығыс пен батыс арасындағы көпір
58	Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөздері

Бас редактор – Әсем Сағиқызы

Бас редактордың орынбасары – Ильмира Рафкат

Тілшілер: Татьяна Казанцева, Гүлжамила Зайырова, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан Есен, Әсем Сағидолла, Дмитрий Николаев, Мирэль Шарипова

Дизайнер: Олжас Кожаметов, Раушан Танабаева

Фотограф: Болат Байсеитов, Ерсайын Болат



МӘҢГІЛІК ЕЛГЕ САЯХАТ

Үстіміздегі жылдың 16–17 мамырында Елордада Мұражайлардың халықаралық күніне арналған «Мәңгілік елге саяхат» атты арнайы іс-шара өтті. Аталмыш іс-шара «Атамекен» Қазақстан Картасы» этно-мемориалдық кешенінің ұйымдастыруымен, ҚР Мәдениет министрлігі мен Астана қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен өткізілген болатын. Кездесуге ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Қазақстанның зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының еңбек сіңірген қайраткерлері, белгілі мұражайтанушылар қатысты.

Кездесудің мақсаты: тарих пен мәдениеттің ортақ мәселелерін талқылау; ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауына байланысты мұражай ісін топтастыру және оны дамытудың таяу арадағы перспективаларын айқындау; «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын – біздің жалпы қазақстандық үйіміздің идеясын қолдау.

Жыл сайын 18 мамырда өнерді сақтаушылар – мұражай қызметкерлері бүкіл әлемде өздерінің кәсіби мерекесі – Мұражайлардың халықаралық күнін ресми түрде атап өтеді. Бұл мереке өзінің тарихын 1977 жылдан бастау алады, сол тұста Мұражайлардың халықаралық кеңесінің (ИКОМ) отырысында мәдени мерекені құру туралы Ресей ұйымының ұсынысы қабылданған болатын. 1978 жылдың өзінде әлемнің 15-тен астам елінің тұрғындары 18 мамырда Мұражайлардың халықаралық күнін атап өте бастады.

Мұражайлардың халықаралық кеңесінің (ИКОМ) бастамасы бойынша биылғы жылғы мерекенің ұраны – «Мұражай жәдігерлері біріктіреді» деп аталып отыр.

Қазақстанның мұражайлары мәдени материалдық және материалдық емес мұраларды сақтау мен тарату жөнінде айтарлықтай рөл атқарады.

Мұражайлар – қоғамға пайда келтіретін, оның мәдени дамуына үлес қосатын институттар. Жұртшылық тарих пен мәдениет мұраларына көзқарастарына дәл осы мұражайлар арқылы білдіре алады. Рухани және мәдени ескерткіштерді ұқыптап сақтау әрі қайта өңдеу елдің тарихын танымал етуге және тұрғындардың ой-санасын оятуға қызмет жасайды. Қазақстанның мұражайлары, сонымен бірге алдымызға қойылған білім беру-тәрбиелеу міндеттерін атқарады. Қалыптасқан дәстүр бойынша, 18 мамырда әлемнің жүздеген мұражайларымен қатар, біздің еліміздің мұражайлары да барлық тілек білдірушілерге ешбір өтеусіз өздерінің есіктерін ашады. Бұл күндері толып жатқан іс-шаралар, тақырыптық экскурсиялар мен «Мұражайдағы түн» мұражайлық акциялары өткізіледі.

2013 жылғы ақпанда Астана мұражайлары «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің негізінде «ИКОМ» Қазақстан қоғамдық ұйымын құрған болатын, бүгінгі күні оған еліміздің 235 мұражайының 70-тен астамы еніп отыр. Бұл жөнінде Қазақстанның зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері мен белгілі мамандардың қатысуымен халықаралық мұражайлар күніне арналған «Мәңгілік елге саяхат» тақырыбында өткен дөңгелек үстел барысында айтылды. Әрбір өңірден келген мұражай қызметкерлері өздерінің көкейінде жүрген ой-пікірлерін де білдіріп жатты.

Сәуле Әбішева, Ш. Уәлихановтың «Алтын-Емел» мемориалды мұражайының директоры:

– Біздің мұражайда Шоканның жеке заттары

сақталған. Өзінің күнделікті қолданған күміс қасығы, тостағаны, атақты Қашқар сапарына барғанда беліне таққан патша белбеуі қанша ғасыр өтсе де сақталып келе жатыр. Бізде 1000 мыңнан аса жеке экспонаттарымыз бар. Соны біз осы Астана қаласына да әкелдік, көрме қазір жүріп жатыр.

Такен Молдақынов, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық мұражайының директоры:

– 1922 жылы тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөнінде Заң қабылданған болатын. Одан кейін бірнеше мұражайлар ашылып, республикалық мәні бар тарихи-мәдени мұралардың барлығы толықтай жаңғырудан өтіп, халықтың мақтанышына айналды.

Еліміздің әр аймағында мұражай саласын дамытуға өзіндік үлес қосқан бір топ қызметкерлерге арнайы төсбелгілер мен құрмет грамоталары, дипломдары табыс етілді. Мәселен,



атап айтар болсақ, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгілері: Тәуелсіздік сарайының директоры Ә. Р. Умиршинаға, «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайының» директоры Ү. Б. Акимбаеваға, «Жезқазған тарихи-өлкетану мұражайының» директоры З. С. Чумаковаға,

«Невзоровтар отбасы атындағы Шығыс Қазақстан облыстық бейнелеу өнері мұражайының» директоры Т. А. Стромскаяға, «Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайының» директоры Р. Е. Игибаеваға, «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің» директоры Б. Ж. Жүнісбековке және «Қостанай облыстық Ы.Алтынсариннің мемориалды мұражайының» директоры М. Х. Исмағұловқа берілді.

«ИКОМ Қазақстанның» атынан гранттарды иеленгендер: «Ә. Х. Марғұлан атындағы археология-мұражай институтының» директоры Р. А. Бектүреева, «Қазіргі заманғы өнер мұражайының» директоры Н. В. Шиврина, «Қызылорда тарихи-өлкетану мұражайының» директоры Б. Т. Бекмамбет, «С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің» директоры Ә. Ж. Қайырбеков, «Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-мәдени-этнографиялық орталығының» директоры Г. И. Дюсебаева, «К.Ақышев атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының» директоры М. К. Хабдуллина және «Бөкейорда



Т. Л. Тажибаева, «Ақтөбе тарихи-өлкетану мұражайының» директоры М. Н. Дүйсенғали, «Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының» директоры Е. Н. Нұрмағамбетов, «Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының» директоры С. Қ. Мұхамбетов, «Ә. Марғұлан атындағы археология институты филиалының» директоры З. Самашев, ҚР Тұңғыш Президенті музейі директорының ғылыми жөніндегі орынбасары Б. М. Қайыпова, ИКОМ Қазақстанның құрметті мүшесі Б. К. Оразымбетова және т. б.



мұражай кешенінің» директоры Г. Т. Махимов.

Ал, «ИКОМ Қазақстанның үздігі» дипломымен марапатталғандар: ҚР Ұлттық мұражайының директоры Дархан Мыңбай, «С.Сейфуллин атындағы мұражай кешенінің» директоры С. Т. Сабырбековке, «Ғылым Ордасы» РМК директоры Р. О. Карибжанова, «Алматы қаласы мұражайының» директоры А. Ж. Сыдықовқа, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайының» директоры

өз сөзінде:

– 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күнінде барлық мұражай қызметкерлерінің басын қосып отырған Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлына, Мәдениет басқармасына және «Атамекен» Қазақстан Картасы» этно-мемориалдық кешенінің қызметкерлеріне алғысымды білдіргім келеді. Дәл осындай кездесу біз сияқты мұражай қызметкерлеріне өте қажет. Сол себептен, бүгінгі

мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық мұражай қызметкерлерін және алда келе жатқан 21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлерімен шын жүректен құттықтаймын. Еңбекте табысты да жемісті болуларыңызға тілектеспін, – деді.

Өзінің жүрекжарды лебізін білдіруге ниет білдірген келесі мұражай қызметкерлеріміздің бірі «Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайының» директоры Роза Игибаева да «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін иеленді.

– Бүгін біз үшін қуанышты күн. Жыл сайынғы Халықаралық мұражайлар күнін жыл сайынғы дәстүрлі түрде өткізетінбіз. Міне, биыл тұңғыш рет министріміз Арыстанбек Мұхамедиұлының басшылығымен бір жерде бас қосып отырмыз. Оның үстіне бұл кездесуге «Мәңгілік елге саяхат» тақырыбы таңдалып алыныпты. «Мәңгілік ел» болу жолында жасалып жатқан осындай игі-шаралар көбірек болсын деп тілеймін.

ИКОМ Қазақстанның мүшесі, ЖОО мұражайларының басшысы Татьяна Бортко ҚР Мәдениет министрлігінің атынан құрмет грамотасын иеленген болатын. Жүрекжарды лебізімен ол да бөлісе кетті.

– Қоғамның дамуы үшін мұражай мамандарына бүгінгідей әріптестік қарым-қатынасты орнату мүмкіндігі әркез бола бермейді. Сол себептен «Мәңгілік елге саяхат» тақырыбындағы кездесуде мұражай қызметіне байланысты көптеген ой-пікірлер айтылып жатыр. Мұражай қызметкерлеріне арнайы ұйымдастырылған бұл бас қосуда тарихымызды тереңірек ашып, болашақ ұрпаққа дәріптеуге жол ашады деп сенемін.

«Жезқазған тарихи-археология мұражайының» директоры Чумакова Зулпа:

– «Мәңгілік ел» – бұл біздің ортақ идеямыз, ұлт рухы. Мәңгілік ел болу күші сол мемлекеттің халқы мәңгілік ел болуды тілегенде ғана жүзеге асады. Ал, Қазақстан болу мақсаты Елбасы айтқандай халықтың жүрегінде мәңгі жүруі тиіс.

Сөз соңында Зулпа Чумакова әріптестеріне арнайы өлең оқып берді:

Новый день пробуждает зарю,
Завтра новые будут задачи,
Я с надеждой ему говорю
Пусть тебя не покинет удача...

Зылиха САЛИХ



Жиыннан тыс кездесу барысында ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы әр өңірден келген мұражай қызметкерлеріне өзінің баяндамасын оқыды.



Арыстанбек Мұхамедиұлы
ҚР Мәдениет министрі

Құрметті ханымдар мен мырзалар, Құрметті жиналған қауым!

Бүгін біз Халықаралық мұражайлар күніне арналған салтанатты іс-шараға жиналып отырмыз. Мүмкіндікті пайдалана отырып, баршаңызды Мәдениет министрлігінің атынан мұражай қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймын.

Жыл сайын 18 мамырда дүние жүзінің мұражай қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін – Халықаралық мұражай күнін мерекелейді. Мұражайлар Күнін мерекелеу туралы шешім 1977 жылы Халықаралық мұражайлар кеңесінің (ICOM) отырысында қабылданып, 1978 жылдан бастап бұл мереке әлемнің 150 мемлекеттен астамында аталады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында әр түрлі бағыттағы 223 мұражай, сондай-ақ, көптеген галереялар, көрме залдары жұмыс істейді.

Мұражай қорлары мен экспозицияларында шамамен 2,3 млн. материалдық және рухани ескерткіштер бар. Соңғы жылдары жақын және алыс шетел мұрағаттарына, кітапханаларына және мұражайларына мақсатты ғылыми экспедициялар мен іссапарларға шығу нәтижесінде еліміздің мұражай қорлары жаңа деректі материалдармен және бірегей артефактылармен толықты.

Дәстүр бойынша, 18 мамыр күні еліміздегі мұражайлардың есігі көпшілік үшін ашық болады. Бұл күндері еліміздің көптеген мұражайларында «Мұражайдағы түн» акциялары, тақырыптық экскурсиялар және т. б. көптеген іс-шаралар өтуде.

Бүгінгі «Мәңгілік елге саяхат» тақырыбында өткізіліп отырған дөңгелек үстелдің мақсаты: тарих пен мәдениет тұтастығы мәселелерін талқылау; ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы тұрғысынан мұражай ісі дамуының жақын арадағы келешегін айқындау болып табылады.

Уважаемые друзья!

В современных условиях вопросы охраны и популяризации историко-культурного наследия страны приобретают особую актуальность. В этой связи, музеям как главным хранилищам культурных ценностей отводится особая роль.

Музеи – это не только самые посещаемые учреждения культуры, они – важный сегмент культуры, от которых во многом зависит развитие нашего общества. По своей философии музеи аналогичны библиотеке и архиву, но при этом они зрелищны. Они хранят и собирают ценности, которые надо передать следующим поколениям в них история, без которой невозможна национальная идентификация.

В последние годы Министерством уделяется особое внимание вопросам развития материально-технической базы музеев и открытию новых музеев.

Одним из важнейших событий культурной жизни столицы станет открытие в июле, в рамках празднования Дня города Астаны Национального музея Республики Казахстан. Надеемся, что Национальный музей станет местом проведения значимых культурных и научных форумов.

Важным культурным событием станет также открытие по поручению Главы государства в г. Астана Национальной картинной галереи «Астана». В экспозиционных залах Национальной картинной галереи «Астана» будут представлены уникальные произведения отечественного и зарубежного изобразительного искусства.

Наряду со строительством и открытием музеев, ведется работа по модернизации материально-технической базы музеев и музеев-заповедников. Только в 2011–2013 гг. на проведение капитального и текущего ремонтов, оснащение материально-

технической базы республиканских музеев и музеев-заповедников из республиканского бюджета было выделено 2 млрд. 24 млн. тенге.

В целях популяризации накопленных ценностей музейные организации успешно интегрируются в мировое культурное пространство путем организации, участия и проведения различных презентаций, форумов и конференций в области музейного дела.

Посещаемость государственных музеев РК в прошедшем году составила около 5 миллионов человек, что свидетельствует об интересе общества к своему наследию.

Разрешите вкратце проинформировать Вас о деятельности Национальной Комиссии по делам ЮНЕСКО.

Прошедший 2013 год стал одним из наиболее успешных за весь период сотрудничества Казахстана с ЮНЕСКО. Деятельность Национальной комиссии Республики Казахстан по делам ЮНЕСКО вышла на качественно новый уровень.

Значимыми событиями стали избрание Казахстана 19 ноября 2013 г. членом Комитета Всемирного наследия ЮНЕСКО на предстоящий 4-летний цикл и прошедший 23 августа 2013 года в г.Астана Международный форум по случаю инаугурации Международного десятилетия сближения культур (МДСК) с участием Генерального директора ЮНЕСКО Ирины Бокковой.

Думаю, что отечественные музеи активно включатся в процесс межкультурного диалога в рамках десятилетия сближения культур, акцентировав внимание на активную презентацию исторического и культурного наследия Казахстана за рубежом, влияющую на имидж страны путем организации международных выставок, презентации, международных научных конференции и других мероприятий по вопросам музейного дела и культурного наследия.

Отрадно, что в 2013 г. возобновил свою деятельность Национальный комитет Международного совета музеев (ИКОМ) ЮНЕСКО, вновь созданный на базе ГККП «Этно-мемориального комплекса «Карта Казахстана «Атамекен», который объединил более 30 музеев республики.

Что касается Плана работы Национальной комиссии Республики Казахстан по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО на 2014 год, то музейным работникам страны предстоит участие и проведение таких крупных международных и республиканских мероприятий, как:

– очередной сессия Генеральной Ассамблеи

ИКОМ (г. Париж, Франция);

– проведение совместно с национальными и областными музеями семинаров и конференций по тематике музееведения, Всемирного наследия;

– организация и проведение Генеральной конференции ИКОМ Казахстана;

– проведение конференции «Музейное образование в глобальном контексте. Приоритеты и направления».

В порядке информации также хочу сказать, что в 2014 году по поручению Главы государства начата разработка проекта Концепции культурной политики, нацеленной на формирование конкурентоспособной культурной ментальности и развитие современных культурных кластеров страны. Проект документа будет разработан до 1 сентября текущего года. Его реализация потребует следующих инфраструктурных и институциональных преобразований отрасли.

Это создание единого образовательного пространства отрасли и перевод системы управления образовательными учреждениями сферы искусства (специализированные учебные заведения и творческие вузы) в ведение профильного ведомства, т.е. в Министерство культуры.

Мұражай мәселелеріне қайта орала отырып, бұл салада жоғары білімі бар мамандарды даярлау мақсатында «Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы шенберінде 2015–2016 оқу жылына бакалавриат бағдарламасы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін 35 орынға ұлғайту, ал магистратура бағдарламасы бойынша 18 орынға ұлғайту жөнінде Білім және ғылым министрлігіне тиісті ұсыныстар енгізілгендігін жеткізгім келеді.

Сондай-ақ, халықаралық «Болашақ» білім беру шәкіртақысы аясында мұражай ісі және реставрация саласы бойынша 2015–2016 жылдары арасында 10 адамды дүние жүзінің жетекші оқу орындарына іс-тәжірибеден өтуге жіберу жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Бүгін біз Халықаралық мұражайлар кеңесінің Ұлттық комитетімен бірлесіп, мұражай саласының үздік қызметкерлері мен мұражай ісінің ардагерлерін ведомстволық наградаларымен марапаттауды көздеп отырмыз.

Сөзімді аяқтай отырып, баршаңызды ертеңгі Халықаралық мұражай күні және келе жатқан Халықаралық мәдениет күні мерекелерімен құттықтаймын!

Тыңдағандарыңызға үлкен рахмет!

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ САНКТ-ПЕТЕРБУРГ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КҮНДЕРІ

Астана қаласының Санкт-Петербург қаласындағы күндері ойдағыдай болып өтті. Екі күнге созылған қалалар арасындағы іскерлік-ынтымақтастық келісім осылайша өз мәресіне жетіп, сәтті аяқталды. Бұл кездесуге Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов те барып қайтқан болатын.



Кездесу барысында елорда әкімі Иманғали Тасмағамбетов екі елдің мәдениеті алмасуының негізінде тарихымыздың жаңа кезеңінің жалғасы іспеттес және мәдениетаралық диалог өзара рухани бауға септігін тигізетінін айтып кеткен болатын. «Санкт-Петербургдың Астана қаласындағы күндері және Астананың Санкт-Петербурдағы күндері – аса маңызды шаралар. Олар халықтардың рухани әлемімен терең танысуға мүмкіндік береді», – елорда әкімі Иманғали Тасмағамбетов.

Жиналған қауым Қазақстанның тұрмысымен, мәдениетімен және тәуелсіз еліміздің тарихына байланысты ақпараттармен танысты. Бұл орайда киіз үйлер тігіліп, этноауылдар құрылды, қазақтың ұлттық тағамдары ұсынылды. Санкт-Петербург халқына арнайы 2003 жылы ашылған Жамбыл Жабаев ескерткішіне гүл қою рәсімі салтанатты түрде өткізілді. Сондай-ақ, «Астана» сауда-іскерлік кешенінің құрылысы жүргізілетін орынға капсула салынды. Қала басшылықтарының мәлімдеуінше, кешеннің құрылысы серіктестік қарым-қатынасты одан әрі нығайтып, екі елдің одан әрі араласуына септігін тигізеді.

Сонымен қатар, Санкт-Петербург халқы үшін арнайы «Жусан иісі» атты бейнелеу өнері көрмесі ұсынылды. Аталмыш көрме ұлттық рух пен ерекшеліктермен тереңірек танысып, қазіргі заманғы қазақстандық суретшілердің еңбектерімен танысуға зор мүмкіндік болды. Атап айтқанда, Сағынәлі Әлімбетовтың, Лейла Махаттың және т.б. Ал «Astana Ballet» кешінде Қазақстанның ұлттық хореографиясы көрсетіліп, концертте «Қарлығаш», «Аққу», «Қыз Жібек», «Шаттық», «Қазақ вальсы» және т.б. билер орындалды.

«Smart Astana» жобасын инвестициялау перспективалары тақырыбында дөңгелек үстел отырысы да өткізіліп, көрермендер жыл сайынғы «Славян жәрмеңкесі» фестивалі мен «Петергоф» мемлекеттік мұражайын да тамашалады. Айта кету керек, екі қала басшылығы алдағы екі жылға арналған ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Сезім ЖҮСІПҚЫЗЫ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Мәдениет саласының қызметкерлері қай уақытта да жан-жағындағыларына көңіл-күй сыйлап, думанға бөлеп жүретіндері жасырын емес. Сондай сан қырлы талант иелерінің жыл сайынғы дәстүрлі мерекесі 21 мамыр болып саналғалы қашан. Өз ісінің майталман шеберлері бұл жолғы мерекесін дәстүрлі түрде атап өтті.



Төл мереке қарсаңында Астана қаласының Мәдениет басқармасы мәдениет және өнер қызметкерлерін құттықтаған болатын. Ұлттық өнерімізді асқақтатып, өркенді мәдениетіміз бен өнегелі өнерімізді әрі қарай өрістету жолында қастерлі де қасиетті іс-шаралар атқарып жүрген мәдениет қызметкерінің еңбегі орасан. Ел болашағына мәдениетіміз бен ұлттық өнерімізді дамыту жолында көптеген игі мәдени іс-шаралар солардың ерен еңбектерінің арқасында атқарылып келеді.

Бүгінгі таңда осы мақсатта көптеген мәдениет және өнер мекеме орындары жұмыс жүргізіп, белсенді еңбек етуде. Осыған орай, Астана қаласы Мәдениет басқармасының бастығы Болат Можағұлов ұлттық өнерімізді дәріптеп, елді рухани азықпен сусындатып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлерінің сіңірген еңбегін бағалап, бір топ мәдениет және өнер қызметкерлерін бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Гүлжамила ЗАЙЫРОВА

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні

МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБА –

Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеті елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – гербтің жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі.



Шаңырақ – Күн шеңбері.

Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі.

Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол – өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз гербтің тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ –

Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі.

Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста – ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті. ҚР мемлекеттік туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.



Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған.

Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн – уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жандүниесінің кеңдігін паш етеді.

БАС РЕДАКТОР
БАҒАНЫ

Құрметті
оқырман
қауым!



Мерекеге толы мамыр айы көктемнің соңғы күндерін шығарып салуға дайын-ақ тұр. Алғашқы күндері қазақстандықтар бірден үш мерекені тойлады. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күні де бар.

Одан кейінгі мұражай қызметкерлері үшін 18 мамыр – Халықаралық мұражай күні де республика көлемінде аталып өтті. Мерекені тойлау қарсаңында еліміздің әр өңірлерінен мұражай басшылары мен қызметкерлері, мәдениет қайраткерлері, зиялы қауымдар Астана қаласында екі күн бойы бас қосты. Аталмыш кездесу ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының қолдауымен өткізілген болатын. Тұңғыш рет мұражай қызметкерлері жиылған кездесу «Мәңгілік елге саяхат» тақырыбы деп аталынды. Ал кездесудің мақсаты – тарих пен мәдениеттің ортақ мәселелерін талқылау; ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауына байланысты мұражай ісін топтастыру және оны дамытудың таяу арадағы перспективаларын айқындау; «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын – біздің жалпы қазақстандық үйіміздің идеясын қолдау болып табылды.

Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Болат Мажағұлов 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күнінде мәдениет және өнер саласында жүрген бір топ қызметкерлеріне елорданың мәдени өмірінің өркендеуіне белсенді қатысқан еңбектері үшін жыл сайынғы дәстүрмен марапаттап шықты.

Жаз мезгілі өз күшіне еніп, күннің қызуына шыдас беретін күндер де алыс емес. Жадырап жаз келгенде бала-шаға мез болып, асыр салып ойнайтын кездер адам баласына бақытты шағын көз алдына елестететіні бар. Бақытты ел болармыз деген ой келеді сонда маған. Бақыттан халқымыз көз ашпай, бақытты ел болу мақсатында «Мәңгілік ел» болуға асыққан еліме, жұртыма тыныштық тілей отырып, сөзімді аяқтаймын.

Құрметпен,
Әсем САҒИҚЫЗЫ



Бүркітбай Аяған
Мемлекет тарихы институтының
директоры

- Бүркітбай Фелманұлы, қазіргі Мемлекет тарихы институтының жасап жатқан жұмыстарына кеңінен тоқтала кетсеңіз.

- Тарихи оқиғаларды зерттеп насихаттау және ұлттық тарихи сананы жас ұрпақтың бойына сіңіріп қалыптастыру – үлкен міндет. 2008 жылы Елбасы бастамасымен Мемлекет тарихы институты құрылды. Қазақстанның заманауи тарихын зерттеу жауапкершілігі мен мүмкіншілігі аталынған институт ұжымына беріліп, мемлекеттік қолдау көрсетілді. Мемлекет тарихы институтының құрылғанына алтыншы жылға аяқ басты, аз жылдың ішінде «Қазіргі заман тарихының» әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы салалары қарастырылды. Ғылыми монографиялар мен құжаттар жинағы шығарылды. Мысалы, 2012–2014 жылдарға арналған Институт ғалымдарының іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша: мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы, оның әлемдік қауымдастықтағы рөлі, рухани даму үрдістері, экономикалық қатынастардың дамуы, қоғамдағы толеранттылық ортаның қалыптасуы мен діни және этникалық экстремизмге қарсы іс-қимылдар, қазіргі заманғы Қазақстан тарихының тарихнамасы мен дерек көздері сияқты өзекті мәселелер зерделенуде. Ғылыми қызметкерлер шетелдік тағылымдамадан өтіп келді және оған жас мамандар да тартылуда. Тұлғаларды зерттеу

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ

Үздіксіз дамуды қажет ететін ғылымдардың бірі – тарих екені белгілі. Оның өткенін білмей болашағын бағалау мүмкін емес екенін ескерсек, тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасып отырды. Өмірде болып жатқан оқиғалардың жан-жақты дамуы мен болашаққа дұрыс қадам жасауы да соның көрінісі. Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Фелманұлы Аяған тарихымызды жазуда қордаланып келе жатқан кейбір мәселелер жөнінде журналымызға берген сұхбатында баяндап береді.

аясында қоғамдық өмірде үлкен орын алған Ж. Тәшенов, Ә. Ермеков және басқа да тұлғалар өмірі мен қызметі сараланған монографиялар, қазақ тарихының кеңестік дәуірдегі бұрмаланған «ақтаңдақ» беттеріне байланысты халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылып, ғылыми мақалалар мен еңбектер жарық көрді.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау жұмыстары жүргізілді. 2013 жыл еліміздің тарихшылары үшін үлкен серпіліс жылы болды. Осы жылдың сәуір айынан бастап, ұлттық тарихты зерделеу бойынша Мемлекеттік хатшы төрағалығымен өткізілетін ведомствоаралық кеңейтілген кеңестің даярлық шараларына Институт ұжымы белсенділік көрсетті. Үлкен ауқымды жұмыстарды, әсіресе «Халық тарих толқынында» бағдарламасының тұжырымдамасын талқылау жұмыстарын ұйымдастыруға да мұрындық болды. Ғылыми қызметкерлер «Халық тарих толқынында» айдарындағы баспасөз ақпараттық құралдарының хабарлама және насихат бағытында сарапшылық қызмет те атқарды. Республикадағы барлық гуманитарлық ғылыми зерттеу ұйымдарының ғылыми қызметкерлерінің, ЖОО-ы оқытушы-тарихшыларының ортақ мақсатқа қауымдасуы болашақта өз нәтижесін берері сөзсіз. Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиялық тапсырмасына сәйкес, ұлттық тарихты зерделеуге байланысты шаралар қолға алынғаны бәріңізге аян. 2013 жылдың 5-ші маусымында Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік хатшысы төрағалығымен өткен отандық тарихшылардың жалпыұлттық жиналысында, Ұлт көшбасшысының «Халық тарих толқынында» бағдарламасын қабылдау жөніндегі ұсынысы жария етілді. Мұны тарихшылар қауымы бір ауыздан қолдап, әлеуметтік желілерде пікірлерін білдірді. Бұл шараны өткізуде де Мемлекет тарихы институты ұжымы ұйымшылдық көрсете алды. Шара жоғары дәрежеде өтіп, республика ауқымындағы қызу талқыға ұласты. Ғаламтор веб-сайттарында әріптестер пікірі жарияланды. Республикада Қазақстанның жас тарихшылары Ассоциациясы құрылды.

- «Халық тарих толқынында» бағдарламасы қазір жүзеге асырылып жатыр. Біраз уақыт тарихымыз бұрмаланып келгені де белгілі. Дәл осы бағдарлама бойынша деректерді зерттеп, ғылыми айналымға енгізудің сыры қаншалықты болып отыр?

- «Халық тарих толқынында» тұжырымдамасы бойынша, тарих – адамзаттың мәдени, саяси, әлеуметтік тәжірибесі екенін негізге алу бағыты жүктеліп отыр. Бұрмаланған тарих – зерттеу нысандарын белгілеу мен шынайы дерекке негізделген қорытындылар шығарумен айқындалады. Деректерді ғылыми айналымға енгізудің күрделілігі де осында. Оның құпиясы да сонда. Кәсіби мамандардың жұмыстарындағы нәтижелерге тікелей байланысты. Ұлттық тарих ғылымында ерекше орынға ие «Қазіргі заман тарихын» зерттеуді одан әрі дамыту шараларына сәйкес, Мемлекет тарихы институтының алдындағы міндеттер:

- ғалымдарға қолдау көрсету;
- зерттеу жұмыстарының тарихнамалық ауқымын кеңейту;
- түбегейлі және толық зерттеулер жүргізуді қолға алу болып табылады.

Еліміздің интеллектуалды әлеуетін жоғарылату мақсатындағы Мемлекет басшысы бастамалары 1997 жылғы «Қазақстан-2030», одан кейінгі 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламаларында айғақталғаны мәлім. Ендеше тарих ғылымын зерделеуді жаңғырту үрдістері де осы мақсаттардан туындайды.

- Қазақ ұлты тарихының қалыптасу кезеңінде кемшіліктер болды деп айтып жатады. Осы мәселеге қатысты қандай пікірдесіз?

- Қазақтың және Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуын арнайы зерделейтін мамандарымыз бар. Оған шүкіршілік етуіміз керек. Өткенді жоққа шығару арқылы тарихты зерттеудің саяси сипат алып келгені рас. Ал қазіргі кезеңде қазақ елінің дамуымен тарихи сана да жаңғыртылуда.

Өткен кемшіліктерді тізе бергеннен гөрі, ғалым-мамандардың тың деректер арқылы жасаған тұжырымдарымен ғалымдар қауымын да, халықты да таныстыруды қолға алу қажет деп ойлаймын. Сонда жаңаша көзқарастар тарихи танымға әсерін береді.

- Қазақ халқының тарихы туралы сөз қозғалғанда, тарихи зерттеулер кең көлемде жүргізілуі тиіс. Ендеше, тарихи мұраның тағдырын қалай талқылаған дұрыс? Ақиқатты жазатын тарихшылар жайлы не айтасыз?

- Егер ұлттық сананы тарихи сана қалыптастыратынын ескерсек, тарихи тақырыптағы зерттеулер жан-жақты жүргізілуі тиіс. Тарихи мұраның өміршеңдігі – ұлтқа қызмет етуіне байланысты деп ойлаймын. Тарихи мұра кезеңінде бағаланып, қажеттілікке айналғанда – ақиқатқа айналады. Ғалымдардың барлығы сыни тұрғыда ақиқатты жазуға ұмтылады. Ал ғылыми жұмыстар ғылыми ортада, халық арасында айналымға түсіп, қажеттілікті өтеу мақсатында жазылатыны айқын. Шындықпен ұштасқан тарихи ақиқат – мәңгілік тарихқа айналады. Бұл тұлға тану, күнделікті өмір тарихы, тарихи нумизматика, сфрагистика (геральдика, төс белгілер тарихы), тарихи демография, тарихи география, экономика тарихы және басқа да салаларды отандық ғылымда дамыту нәтижелері, ел тарихының маңызды бөлігі.

- Тарихи зерттеу ісінде жас ғалымдарды тартуда ең алдымен нені ескерген дұрыс? Өзекті мәселе ретінде нені айтар едіңіз?

- Мемлекеттік қолдау негізінде Қазақстанның жас тарихшылары Ассоциациясы құрылды. Бұл жастардың ғылымдағы рөлін арттыратыны айқын. Қазіргі кезеңде жас ғалымдар «Шығыс Қазақстанның петроглифтері: дәстүрлер және жаңашылдық», «Батыс Қазақстанның ежелгі көшпелілерінің әскери ісі», «Жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы ұлттық тарихтың рөлі» және басқа да нақты тақырыптар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Ғылымға жас буынның біліктілігі, отаншылдығы, еңбекқорлығы ескерілуі қажет деп ойлаймын. Ғылыми жетекшілердің де жауапкершілігі арттырылуы тиіс. Қазіргі кезеңнің ең өзекті мәселесі ғалымдардың әлеуметтік қорғалуы және жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарының ғылыми басылымдарда, әсіресе әлемдік кең ауқымда көрініс табуы. Сонымен қатар қазақ тарихын жан-жақты меңгермей, тек шетел тілін білу тарихи тағылым жасауға аздық етеді. Гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде тарих саласы бойынша болашақтағы ғылыми-зерттеу тақырыптарының жүйесі үйлестірілуі кезек күттірмейтін міндеттер.

- Гуманитарлық ғылымдар ішіндегі маңыздысы – тарих ғылымы болып есептелетіні анық. Ұлттық тарихымызды жазуда қордаланып келе жатқан мәселелер түйіні қаншалықты шешімін тауып отыр?

- Өткен тарихқа қатысты коммунистік идеология ықпалымен өрескел бұрмаланған тарихи оқиғалардың «ақтаңдақ» беттерін айшықтау үрдісі жалғасын табуда. Қоғам өзгерген жағдайда мәселелер түйінін шешудің жаңаша технологиялары өмірге келуде. «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы тікелей қордаланған мәселелерге байланысты қабылданған құжат. Осы бағдарлама аясында «Дүниежүзілік және аймақтық интеграциялық үрдістердегі Қазақстан Республикасы», «Қазақстанның этностары және мәдениеті: тарих және қазіргі кезең», «Қазақтардың Еуропа елдерінде Екінші дүниежүзілік соғысына қатысуы», «Алаш интеллигенциясының тарихи ақыл-ойы және қазіргі кезең», «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастыру мен нығайтудағы рөлі», «Қазақстанның Тұңғыш Президенті және елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру: идеядан іс жүзіне асыруға дейін» және басқа да жобалар бойынша жұмыс атқарылуда. Мұның сыртында қаншама шаралар іске асуда. Тарих қопарып тастай салатын тас емес қой. Оның қиыншылығы да сонда. Зерделей отырып, қорытынды тұжырым жасалуға негізделген. Шетелден алынған құжаттарды аудару, саралау бойынша да тұрақты жұмысшы тобы жауапкершілік алуы шарт. Тарихты зерделеу үрдісі антропология, археология, генетика, география, саясаттану және басқа да ғылыми білімдердің әдістерін кіріктіру арқылы, тарих пәнаралық ғылымға айналғаны жасырын емес. Тарих ғылымы алдында да стратегиялық міндеттер қойылды, оның шешімін табу көп еңбектенуді қажет етеді.

- Кеңестік жүйенің қатыгез әрі шексіз билігі халқымызға оңай тиген жоқ. Сол жасаған қиянаттары үшін халықтан кешірім сұраулары тиіс еді ғой... Біз бұны рухани азғындау деп сөксек дұрыс болар ма еді, қайтер еді?

- Кеңестік жүйенің әсері тек қазақ халқы ғана емес, КСРО-ның құрамындағы барлық ұлттар мен ұлыстарға да қатысты. Билік тарапынан жасалынған қатігездік шегінің ауқымын мөлшерлеу мүмкін де емес шығар. Өмір ағын су сияқты. Тарих та заманына сай өзгергенмен, өткеннің ізі сайрап тұрады. Мұндай сұрақтардың туындауы да өте орынды. Мысалы, өткен ғасырдың 30-жылдарындағы халықтың аштыққа ұшырауына алғышарт болған мемлекеттік шаралар, жасалынған қиянаттар жөнінде және Екінші дүниежүзілік соғысы кезеңіндегі 27 миллионға жуық кеңес мемлекеті азаматтарының

тағдырына қатысты тарихи-деректік мәлімдемелер болғанмен, кінәлілерді мойындау мәселесі ашық түрде қалып отыр. Оны тарихи тағылым арқылы саналы түрде сезінеміз. «Жақсы ел болам десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз бар ғой. Рухы мықты халық ешуақытта азғындалмайды. Болашақ елдің бақыты – тәуелсіздігімізді баянды ету. Сол жолда ерік-жігер, қажырлы еңбек қажеттілігі артуда. Артқа қарайлағаннан гөрі, жауапкершілікпен алға ұмтылған дұрыс шығар.

- «Мәңгілік ел» идеясына деген көзқарасыңыз қандай?

- Қалыптасқан мемлекеттің дамыған елге айналуы, сол елдің белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтары арқылы жүзеге асырылатыны мәлім. Мақсат айқын, бірақ кедергілер де жоқ емес. Оған жетудің мүмкіндіктерін Елбасы биылғы жолдауында тұжырымдағаны жөнінде сіздерге белгілі. Ең негізгі құндылықтар жүйесін құрайтын: білім сапасын жақсарту, аурудың алдын алу, мәдени деңгейдің көтерілуі, әлеуметтік әлеуетті арттыру, мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру және ондағы келеңсіздіктерден тазару. Қысқасы бойын енді түзеп келе жатқан жасөспірім бозбала сияқты, тәуелсіз елдегі түйткіл мәселелерді, оның даму жолындағы кедергілерді жоюға әрбір қазақстандық ат салысуы тиіс. «Мәңгілік ел» – халықтың игілігі. Елдіктің кілті – ауызбіршілікте екенін қазіргі көрші елдердегі келеңсіз оқиғалар тәжірибесі көрсетуде. «Мәңгілік ел» идеясы – қазақтың ұлттық ұстанымы. Мемлекетті құраушы қазақ ұлтының көрегендігімен, Қазақстанды мәңгілік гүлденген елге айналдыру.

- Жеке тұлға ретінде ойға алған міндеттемелеріңіз жөнінде де бөлісе кетсеңіз.

- Жеке тұлға ретінде алдағы мерзімге қойылған міндеттерді, қазақ елінің ұлттық стратегиялық даму бағдарынан бөліп ала алмаймын. Ол мүмкін де емес. Шама келгенше тарих беттерін жаңаша тұжырымдамалар негізінде зерделеу, дүниетанымды шыңдау жоспарда бар. Өсіп келе жатқан жас буынға біліктіліктерін жетілдіру бағытында демеу өзекті болып тұр. Басқа да ойға алған мақсаттар бар. Оны уақыт көрсете жатар.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Әсем САФИҚЫЗЫ



ЕКІ РЕТ АЖАЛДАН АМАН ҚАЛҒАН

Бұл кейіпкеріміздің есімі Жамбыл өңірі жұртшылығына жақсы таныс, ол – Уэтай Әлімходжаев. Қарт майдангер. Ұлы Отан соғысы куәгерлерінің бірі де бірегейі. Бірегей болатыны – жасы тоқсанға келсе де, бойын тік ұстап, киімін кір шалмаған сырбаз қалпы. Бойынан ештеңеге мойымайтын рух лебі сезіледі. Ардагердің жүріп өткен ғұмыр жолы ұрпаққа өнеге, көпке үлгі болардай мағыналы, мәнді. Тағылымы мол тағдыр иесі деп осы кісіні айтуға әбден болады. Өзі де «Өмірімді бекер сүрмеппін» дейді өткенді еске алып.

Уэтай Әлімходжаевтың балалық шағы Шу ауданының Төле би ауылында өтті. Бұл – аймаққа орыс-украиндардың жаңа келіп, қоныстанып жатқан кезі еді. Олардың әрбір қылығы, ойын-тойы жергілікті халыққа тосын әрі қызық көрінетін.

– Есімде қалғаны – 6-7 жасар кезімде орыс жігіттердің гармонь тартып, қыздарының бұрала билеген биін ұзақ қарап, қызықтап тұрушы едім. Шеттен келгендердің өмірі бізге ертегідей көрінетін. Ағам Белқожаның айтуымен орыс мектебінде оқыдым. Немере інім менен бір сынып төмен оқыды. Үнемі қамқор болып жүрдім, майданға да бірге аттандық. Ал 10-сыныпта партия қатарына өтіп, белсенді оқушылардың бірі атандым.

Жас жігіт 1941 жылы мектепті үздік аяқтап шықты. Мектеп бітіру кеші дәл 21 маусым күні болған еді. Кешті өткізіп, бейбіт өмірдің құшағында ұйқыға кеткен бозбаланы ертеңінде бүкіл елді жайлап кеткен «соғыс!» деген суық сөз күтіп тұр еді. Көп ойланған жоқ, бірден майданға сұранды. Алғашында Ташкент қаласындағы әскери училищеге дайындықтан өтуге жіберді. 1942 жылға дейін осында білім алды, тәжірибе жинақтады. Училищені бітіріп, офицерлік шен алып шықты. Сосын.. сұрапыл соғыс, жан-жағынан оқ зулаған майдан даласы. Уэтай аға құрамында болған I гвардиялық Кавалериялық корпусының әскери

бөлімдері Бессарабия, Украина, Днепр жерлерін, Смоленщина ормандары мен Карпат тауларын, Житомир, Луцк қалаларын жаудан азат етіп, Мәскеу түбіндегі шайқаста ерен ерлік көрсетті. Сондай-ақ, Оңтүстік Польша жерін көктей өтіп, Катовице қаласын жаудан қорғады. Осылайша немістің Баутен қаласы мен Жоғарғы Силезия аймағына да келіп жетті. Бұл ұрыс сәттерінде ол жай офицерден бастап, гвардия капитаны шеніне дейін көтерілді.

Германия жеріне кірген соң атты гвардияшылар Одер және Нейсе өзендерінен өтіп, Берлин қаласын жаулап алу ұрысына белсене қатысты. Әскери жасақ Эльба өзенін кешіп өткен соң Германияның дәл ортасында американдық жақтастарымен біріккен болатын, сөйтіп Берлин үшін барлығы бірге шайқасты.

Майдан даласын көзбен көрмегенге тілмен жеткізу қиын. Бір мысал ретінде әскери тапсырма орындау кезіндегі ұйқысыз түндерді келтіруге болады. Түн ортасында келіп түскен тапсырманы дер кезінде орындау үшін үздіксіз, ешбір жерге аялдамастан жүріп отырған. Шаршағандары соншалық, жолда жүріп бара жатып ұйықтайды екен. Осы қиындықтарға қарамастан бұйрық уақытында орындалып отырды. Бұл жауынгерлердің биік рух пен темірдей төзім иесі болғандығын дәлелдесе керек.



Десе де, қазақ «қырық жыл соғыс болса да ажалды өледі» дейді. Ақсақал қалай екі рет өлімнен аман қалып, жанындағыларды таң-тамаша қалдырғанын тәуба айта отырып, қызғылықты әңгімелейді.

– Ұрыс даласында жүріп, апта сайын хат жазатынымын. Сағынышымның барлығын қағазға төгіп-төгіп алған соң, едәуір жеңілденіп қалам. Сосын алаңдамай жүрем. Өкініштісі, соғыстан соң апам мен жолдаған бір дорба хатты «жамандықтың барлығы сонымен кетсін» деп түгелдей өртеп жіберді. Әйтпесе, ол да бір шежіре еді.

Немере інім екеуіміз бір бөлімде болдық. Ол да біреудің жалғызы еді, құдай қолдаған болар, аман оралды. Менің де алда көрер жарығым бар екен, екі рет соған күә болдым. 1943 жылы 14 қазан күні Запорожье қаласын жаудан босату үшін болған ұрыста ауыр жараландым. Басымда фуражка, белімде белдік. Ал артымда келе жатқан полковниктің басында пилотка, жай солдатша киінген еді. Екеуіміз біресе жер бауырлап, біресе бұқпантайлап жүгіріп отырып, окоптардың арасымен келе жаттық. Зу-зулаған оқтар жанымыздан өтіп жатыр. Неміс әскерлерінің бізді аңдып отырғаны сөзсіз. Мұндайда ең бастысы – барынша сақ болу. Сол мезетте құлақты жарған қатты дауыс естіліп, кеудемнің оң жағы ашып қоя берді. Еш жерім ауырған жоқ, бірақ әлсіреп, құлап

барам. Көзім еріксіз жұмыла береді. Бір уақытта көзімді аштым. Ең бірінші келген ой «тірі екенмін ғой» болды.

Сөйтсем, жау мергені менің ұзын бойым мен басымдағы фуражкаға қарап, командир екен деп ойлапты. Ал шын командирдің соңымда келе жатқанын қайдан білсін (бұл – соғыс тактикасының бір әдісі, әскер командирін, яғни жетекшісін өлтірсе, бүкіл әскер жетім қалып, ешбір әрекет жасай алмайды).

Сол жараланған жерімде 7-8 сағат жатуға мәжбүр болғаным бір бөлек әңгіме. Соғыс жүріп жатыр, кеш қараңғылығы түскенше орныңнан тұруға, қимылдауға болмайды. Солдаттар жарамды таңып берді. Бір таң қаларлығы – соғыс ережесі бойынша қалтада үнемі бинт жүруі керек. Ал мен оны тіпті салған емеспін. Бірақ дәл сол күні неге екенін өзім де білмеймін, бір бумасын түгел қалтама салып алыппын. Соны киімімнің сыртынан мықтап орап, жатқызып қойды. Қан тоқтамаса өліп кетуім мүмкін. Оны біліп жатырмын. Бірақ шыдамасқа болмайды. Есімді бір жоғалтып, бір жинап жатқанда кеш батыпты. Барлығы жабылып, госпитальға жеткізген. Ғажабы сол – жара қатты таңылған соң шыққан қан сол жерде ұйып, жараның аузын бітеп тастапты. Сондықтан көп қан жоғалтпаппын. Ота жасалған соң, оң қолымның белсенділігі 25 пайыз ғана болып қалды. Оң қолмен көп қимылдайтындықтан

ғана қазіргі уақытқа дейін өзіме адал қызмет етіп келеді. Оны-мұны әперіп, жазу жазуға жарап тұр. Госпитальда алты ай жатып, I топтағы соғыс мүгедегі атанып, бір-ақ шықтым. Ал екінші рет балалы-шағалы болғанда, 80 жылдары операция төсегінде аман қалдым. Соқырішегім жарылуға шақ қалған соңғы сәтте дәрігерлер аман алып қалды. Дәл сол күні дәл осы диагнозбен ауруханаға түскен «Қыз Жібек» фильмінің режиссері Сұлтан Қожықовқа ем қонбай, сол жерде қайтыс болды. Мен отасыз-ақ жазылып кеттім.

1944 жылы мүгедек болып қалған жауынгерге еліне қайтуға рұқсат берді. Бірақ соғыс қайнаған тұста туған жерге оралып, тып-тыныш жатуға ар-ұяты, Отанға деген патриоттық сезімі жібермеді. Кете алмады. Содан Жеңіс күнін қарсы алып, қызметін толық атқарғанша, яғни 1947 жылға дейін әскер қатарында болды. Қызмет те тым ұзап кетті. Соғыс біткенде полк қызметінің бастығы лауазымына көтерілген болатын. Бірақ, ауылда алаңдап күтіп отырған жалғыз шешесі бар еді. Осыдан көп уақыт өтпестен Мәскеудегі әскери академияға оқуға жіберілді. Бірақ елде қалған анасы үшін, оның жанына жалау болып, қуаныш-қайғысын өмірінің соңына дейін бөлісіп өту үшін академиядан бас тартты. Ол сол сәтте «ел басына қиын күн туғанда өзімнің азаматтық міндетімді өтедім, енді перзенттік парызымды, анамның ақ сүтін ақтайтын сәтім келіп жетті» деп түйген еді. Анасына баласының жырақта жүріп, абыройға бөленгені емес, қасында немере сүйгізіп, бірге жүргені әлдеқайда мол бақыт сыйлайтынын ұқпай қалған жоқ. Ал абырой ұлында онсыз да жетеді, «Қызыл жұлдыз» ордені және Ұлы Отан соғысының I дәрежелі көптеген ордендері мен медальдардың иегері, ел қорғаған майдангер. Осылайша Уэтай атамекені – Шуға оралды.

Соғыстан кейінгі жылдары мұғалім, орта мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің бастығы секілді түрлі қызметтерді атқарды. Еткен еңбегіне қарай лауазымы да өсе берді. Одан кейін облыстық партия комитеті саяси сауат ашу Үйінің меңгерушісі, облыстық атқару комитеті басқармасының бастығы, Компартия Орталық комитетінің жауапты қызметкері болып еңбек етті. Бірнеше рет облыстық және қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Осы қызметтерді мүлтіксіз атқарып, ел дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерімен марапатталып, «ҚР халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақ ССР-і киномотография ісінің үздігі» мәртебесі берілді.

Елге келген соң, бірнеше айдан кейін Майра Ыбыраеваға үйленді. Майра бізге Әзілхан Нұршайықовтың атақты «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы Майра Абаева деген есіммен жақсы таныс. Уэтай ағаның жары – сол Майраның прототипі. Романға өз есімімен енген жалғыз кейіпкер.

– Құдай мені қосағыммен шынымен де жарылқапты. Майра өзін басқалар үшін құрбан етуге даяр тұратын адал да шыншыл, тамаша жан еді. Әзілхан Нұршайықовпен де өмірінің соңғы сәтіне дейін жақсы араласып тұрдық. Майраны қатты бағалап, құрметтейтін. Біз үйленген соң әйелім бір жыл оқуға бара алмай қалды. Тұңғышымыз енді ғана дүние есігін ашқан еді. Сонда Әзілхан ауылға іздеп келіп, таныстық. Маған «Сенің бағың бар, бақытты жансың, Майра тобымыздағы белсенді де жігерлі қыз еді, дұрыс таңдау жасапты» деп жан сырымен бөлісті. Үлкен ұлымыз 23 жасында қайтыс болды, тағы екі баламыз автокөлік апатына ұшырады. Барлығын шын көңілімен, жүрегімен қабылдайтын сезімтал жан еді, перзенттерінің халі ана жүрегіне оңай тимеді. 1999 жылы өмірден озды. Содан бергі 12 жылмен асыл жарым, өмірлік серігім – Майрасыз өтіпті. Жалған-ай...

Былтыр Уэтай ағаның жүрегі сыр берді, жүрек талмасына ұшырай жаздады. Тағдырдың түрлі бұралаң жолынан өтіп, көп қиындықты бастан өткізген ағаның сүйегі асыл екен. Балалары дәрігерден дәрігерге шапқылап, әке жүрегінің әлі де тоқтамай соғып, жандарында ұзақ өмір сүре беруін тілеген еді. Құдай тілектерін беріп, ардагер аман қалды. Сонда аға ұл-қыздарына «байғұс жүрек өмір бойы маған қызмет етіп келеді, бір сәт демалуға мұрсат бермейсіңдер ме» деп қалжыңдапты. Бұл қалжың ағаның кемел келбетін көрсетіп тұрғандай. Баяғы ұрыс майданында, аурухана төсегінде алмаған ажал енді қорқынышты емес. Қазірде 5 ұл-қызы, 6 немересі, бірнеше шөбересі бар. Тек жұбайының ғана орны толмай тұрады. Тірі болғанда осы отбасының сүйікті әжесі, ақылман бәйбішесі болып отырар еді.

Ол – ел үшін қару асынып, жан аямай шайқасқан көзі тірі майдангер, шежіре қарт, саялы бәйтерек. Қанша уақыт өтсе де, жамбылдық жауынгердің өшпес ерлігі, ұлағатты ғұмыр жолы ұрпақтарға зор үлгі болып қала бермек.

Индира БАЙҚОНЫСОВА



ТЕАТРАЛЬНАЯ ЖИЗНЬ: ПРОДОЛЖЕНИЕ СЛЕДУЕТ!

В жизни Государственного академического русского драматического театра им. М. Горького за последнее время произошло несколько неординарных событий. В День работников культуры и искусства благодарственное письмо и грант от Управления культуры г. Астаны были вручены одному из ведущих актеров – Виктору Житкову. Зрители увидели на телевизионных экранах в сериале «Перекресток в Астане» своих любимых актрис Светлану Фортуна и Людмилу Крючкову в дуэте мама-дочь. Но главным событием в каждом театре, несомненно, считают гастроли. Недавно труппа вернулась из столицы Башкортостана Уфы. О том, как за рубежом приняли спектакли, представленные столичным казахстанским театром, судить лучше всего по откликам.

«В Уфе мы выступали впервые, и, конечно, нашей задачей было познакомить публику со своими лучшими спектаклями», – пояснил выбор репертуара директор театра Еркин Касенов.

Первым вечерним спектаклем для показа выбрали эклектику «Мастер и Маргарита» по знаменитому роману Михаила Булгакова. Актеры уже знали – это беспроигрышный вариант. Любые гастроли за рубежом с этим спектаклем заканчивались триумфально. Как пишет «Российская газета» (Гульназ Данилова): «На драматургическую канву, сотканную из отрывков из романа и фрагментов из инсценировки Михаила Рощина, смело нанизаны самые разные тексты – детских песенок и информационных сообщений,

разноплановые музыкальные темы. Визуальный ряд представлен достаточно лаконичными костюмами и скромными декорациями, самой яркой из которых является задник сцены с огромным Всевидящим Оком. И еще – игрой света. Прожектор, выхватывающий на сцене то одного персонажа, то другого, становится дополнительным аргументом, оправдывающим некую эскизность действия».

Зритель принял спектакль с интересом. Напомним, режиссер-постановщик спектакля – заслуженный деятель Республики Казахстан, лауреат премии «Тарлан» Гульсина Миргалиева.

Собственное мнение о постановщике и спектакле высказала **Ufa1.ru**: «Авторское прочтение талантливым казахстанским

режиссером бессмертной книги Булгакова позволило постановочной группе расширить способы и приемы сценического действия. В результате получился непривычный для театра жанр спектакля – эклектика. Соединенные воедино фрагменты из инсценировки М. Рощина с дополнительными текстами из романа, исторические мотивы и современные тенденции, монологи и диалоги булгаковских героев с оригинальным пластическим рисунком хореографа Салтанат Жолумбаевой и стилиста по пластике Гуль Зиятовой, стонкий музыкальный ряд молодого композитора Евгении Терехиной с талантливым прочтением художника-постановщика Татьяны Алиевой, – представили на суд зрителей поистине уникальный спектакль».

В утро первого дня музыкальная сказка «Братец Лис и братец Кролик» порадовала маленьких уфимцев. Во второй день казахстанцы дали два спектакля: днем – драму «Одинокая яблоня» отечественного драматурга Алимбека Оразбекова, вечером – знаменитый «Трамвай «Желание» Теннесси Уильямса.

Завершила турне «не трагедия», как заявлено в афише – легендарная пьеса Вильяма Шекспира «Ромео и Джульетта» в эксклюзивном прочтении нашего академического русского театра.

«Спектакль «Ромео и Джульетта» считается ярким и неоднозначным событием театрального сезона в Астане, – рассказала заведующая литературной частью театра Мария Ким. – Пронизанный шекспировским духом, он базируется на ассоциациях, тонких нюансах, юморе и нарочито «поддельных» современных приемах».

Гастроли казахстанского театра – обменные. В октябре 2013 г. на своей сцене он принимал артистов Башкирского государственного академического театра драмы имени Мажита Гафури со спектаклем «Белый пароход» по повести Чингиза Айтматова. Это было во время проведения Дней Республики Башкортостан в Республике Казахстан.

Художественный руководитель театра Олег Ханов отметил, что дружба двух творческих коллективов началась недавно, но их связывает очень многое: «Прежде всего – это верность традициям национального театра и в то же время стремление к новаторству, а также схожий менталитет». Именно этот фактор, видимо, обусловил особое отношение уфимских зрителей к



спектаклю казахстанского драматурга «Одинокая яблоня». Воспринят он был с восторгом, на эмоциональном взрыве, со слезами восхищения.

В ролях были заняты актеры Нина Дроботова, Данил Хомко, Роман Чехонадский, Денис Анников, Маргарита Мухамедиева и др. Кстати, этот спектакль везли как дополнительный, особых надежд на подобные отклики не питали. Однако именно этот дневной спектакль произвел фурор.

После этого возрос интерес к гастролям казахстанского театра и сдержанно – созерцательное отношение публики сменилось на восторженное. «На нас стали смотреть другими глазами, – делится впечатлениями заведующая труппой, начинающий режиссер Анна Семенихина. – Говорили самые лучшие слова в адрес нашей молодежи. И зрители и руководство башкирского театра им. Гафури встречали нас очень тепло, с заботой. Наши актеры остались довольными. Мы еще не знали, какие испытания ждут нас впереди, по дороге домой».

Дело в том, что труппа выехала из Астаны в Уфу на автобусе. Современном, комфортабельном, с опытным водителем. Однако погодные условия на обратном пути преподнесли серьезное испытание: из-за выпавшего накануне толстого слоя снега, дорога через Уральские горы обледенела. Российская служба МЧС едва успевала завозить на нее песок, и все же образовалась пробка длиной в 20 км: тяжелогрузы не могли сдвинуться с места, пробуксовывая на льду. Чтобы избежать ДТП с фурами, перед автобусом ставили заслон. Передвигались по 200 метров с промежутками в 2–4 часа, потратив на это сутки. Руководство театра приняло решение пересаживать и отправлять часть актеров поездом, однако, никто не захотел воспользоваться такой прерогативой. Решили принять испытание вместе, всем коллективом в 31 человек. Остаток пути проехали уже без запланированного отдыха в Костане, прибыв в Астану поздно вечером, с опозданием на сутки.

Как говорится, «снимаем шляпу» перед вашим мужеством, господа артисты...

Ильмира РАФКАТ

Фото: **Александр ДАНИЛОВ**

пресс-служба Государственного академического русского театра им. М. Горького

«ТОСКА»: ЛЮБОВЬ НИКОГДА НЕ ПЕРЕСТАЕТ

Опера «Тоска», второго по величине после Верди знаменитого итальянского композитора Джакомо Пуччини, в исполнении солистов легендарной «Ла Скала» прозвучала на сцене «Астана Опера» трижды – 9, 11 и 12 мая. Это был большой «классический подарок» столичной публике.

На родине композитора, точнее, в Риме, «Тоска» была представлена на рубеже веков, в январе 1900 года. Успех был ошеломляющим. Публика вызывала композитора на поклон 22 раза! Интересный факт отмечали газетчики того времени: «Под давлением со стороны примадонны Ла Скала Дарклэ, исполнявшей главную роль в этой опере и настаивающей на наличии у главной героини арии и для концертного варианта, Пуччини дополнил второй акт оперы, написав знаменитую сегодня «Vissi d'arte». Также, он позволил Дарклэ, блондинке, не надевать парик, хотя в тексте либретто обозначено, что Тоска – брюнетка». Самостоятельными жемчужинами мировой оперы стали со временем арии Каварадосси «Recondita armonia» и «E lucevan le stelle».

История гласит о том, что драма Викторьена Сарду «Флория Тоска», где роль главной героини пьесы исполняла великая актриса того времени Сара Бернар, привлекала внимание композитора 10 лет, прежде чем он решился на осуществление задуманного. На создание партитуры оперы у него ушло чуть более года, работа была завершена осенью 1899 года...





Нынешняя исполнительница главной женской партии – Анна Пироцци (Флория Тоска) очаровала слушателей не менее, чем Сара Бернар своих зрителей сто с лишним лет назад! «Характер Тоски очень боевой, похож на мой, но в нем есть и романтическая часть, которая также очень близка мне по духу», – призналась оперная примадонна.

В партии Каварадосси выступил итальянский тенор Марсело Альваре, а роль отрицательного персонажа Скарпия исполнил не менее известный баритон Альберто Матромарино. Дирижировал оркестром маэстро Антонелло Аллеманди. Как положено, был избран и дублирующий, достаточно весомый состав исполнителей: Каварадосси – Г. Ониани (Оперный театр Бонна), Тоска – Е. Шиманович (Мариинский театр), Скарпия – Б. Стаценко (Немецкая Опера на Рейне).

Надо признать, согласно заявлению организаторов пресс-конференции, прошедшей перед премьерой спектакля, на сцене «Астана Опера» действительно царил подлинно итальянский дух. Мощные многотонные декорации, изумительные костюмы от Веры Марзот, сшитые вручную, и даже реквизиты «в духе времени» были привезены из самого «Ла Скала», а сами именитые исполнители продемонстрировали высокое оперное искусство, соответствующее статусу легендарного театра. Сценограф-декоратор Маргерита Палли решила оформление спектакля в лучших традициях «Ла Скала».

«Тоску» считали пятой по популярности мировой оперой XX века, но и сегодня к ней часто обращаются постановщики. Тому причиной и музыка Пуччини, и привлекательность исторического сюжета.

Непростая история любви оперной певицы Тоски и ее возлюбленного, художника Марио Каварадосси, происходит в экстремальных условиях, на фоне трагических событий 1800 года, когда армия Наполеона вторглась в Италию. Самоотверженность в любви – редкое в нынешнее время явление, однако притягательность этой оперы и симпатия к ней зрителей казахстанской столицы не вызывают сомнений.

Справедливости ради напомним читателям, что ранее существовавший Национальный театр оперы и балета им. К. Байсеитовой в Астане тоже обращался к бессмертному произведению Дж. Пуччини в постановке народного артиста России, режиссера Юрия Александрова. Конечно, состав исполнителей «Флория Тоска» тогда был гораздо более «скромным» – своим.

Ильмира РАФКАТ,
Фото предоставлено
пресс-службой
«Астана Опера»

ЭКСПОНАТЫ ТРЕБУЮТ ЗАБОТЫ

Уникальные экспонаты из Музея вооружения и военной техники Вооруженных Сил Казахстана в скором времени будут отреставрированы. Но расскажем обо всем по порядку.

Упомянутый выше музейный объект, расположенный прямо под открытым небом, немного не вписывается в наше обычное представление о музеях, где хранятся самые разные экспонаты.

И, тем не менее, это так. Не далее как в 2012 году Музей вооружения и военной техники Вооруженных сил Казахстана пополнил собой республиканский реестр музеев. Это событие само по себе очень важно.

Для собранных в музее образцов вооружения и военной техники, ставших своеобразной частью истории боевой славы Вооруженных Сил бывшего Советского Союза, сегодня отведена территория в расположении десантно-штурмовой бригады на станции Сокоровая, что в окрестностях Астаны.

Здесь выставлено на обозрение посетителей 137 образцов военной техники, которая выпускалась на заводах оборонной промышленности постсоветского пространства и некоторых других стран еще в прошлом веке. Среди них можно увидеть 68 артиллерийских установок, 13 единиц авиации, порядка 20 видов бронетанкового вооружения и более 20 – противовоздушной обороны.

Есть среди них и настоящие раритеты – 16 изготовлены малой партией, а девять образцов вооружения вообще больше не увидишь нигде, поскольку они были изготовлены в единственных экземплярах. Именно это



обстоятельство и дает полное право говорить о том, что Музей вооружения и военной техники Вооруженных Сил Казахстана сам по себе особенный.

Стоит ли удивляться, что людей, которые действительно разбираются в вооружении, восхищают просто удивительные технические решения некоторых устройств, а также технологии, которые применяются на отдельных музейных экспонатах. А чтобы понять, о чем идет речь, нет ничего лучшего, как отправиться в музей и посмотреть на них своими глазами.

Но давайте обратимся к истории создания музея под открытым небом. Она, вне всякого сомнения, заслуживает должного внимания.

Итак, своему происхождению музей обязан генералу армии Мухтару Алтынбаеву, бывшему

в ту пору министром обороны страны; а также генералам Николаю Пospelову и Геннадию Носоновскому. Это была их инициатива.

Начиналась эта музейная история более десятка лет тому назад – летом 2003 года, когда главная военная организация страны была передислоцирована в Астану. Находилась она тогда на правобережье столицы. И прямо перед зданием министерства, в сквере было выставлено на обзор всех, кто проявляет искренний интерес к вооружению казахстанской армии, четыре десятка образцов военной техники. Именно по этим экспонатам астанчанам и гостям столицы не составляло труда сделать вывод, что где-то поблизости находится Министерство обороны Казахстана.

И уже на новой площадке (на станции Сороковой) этот храм военной техники расположился в мае 2005 года. Тогда же его официальное открытие почтил своим присутствием Президент Казахстана – Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами страны. Стоит ли удивляться, что к тому моменту музейных экспонатов стало намного больше.

Генерал армии Мухтар Алтынбаев на церемонии открытия искренне удивился и,



конечно же, обрадовался, когда увидел среди музейных экспонатов МИГ-31. На этой технике он сам поднимался в воздух во время службы.

Сюрприз ожидал и гостя из Китая, министра обороны этого государства. Среди экспонатов музейной экспозиции ему на глаза попала артиллерийское орудие из Поднебесной.

И все это время, пока существует музей, как говорит начальник Службы учета и хранения музейных экспонатов вооружения и военной техники Вооруженных Сил РК, старший лейтенант Данияр Таскимбаев, интерес к этому музею постоянно растет.





– Наш музей постоянно посещает очень много иностранных делегаций различных стран. Кроме того, в числе посетителей можно увидеть учащихся военно-патриотических организаций, студентов вузов, а также школьников и даже ребятшек из детских садов, – рассказывает Данияр Таскимбаев.

И напоследок старший лейтенант сообщил две приятные во всех отношениях новости.

– Реставрация музейных экспонатов уже в июле этого года завершится. И все образцы вооружения и военной техники предстанут перед нашими посетителями в еще более привлекательном, обновленном виде, – заверил Данияр Таскимбаев.

Также он рассказал, что до 2017 года, когда Астана будет принимать на своей территории Международную специализированную выставку ЭСКПО-2017, будет построено здание Музея вооружения и военной техники ВС РК.

– В нем будут представлены новые экспонаты, среди которых форма одежды военных, оружие, боеприпасы, что были использованы в казахстанской армии, начиная с 1991 года, когда Казахстан обрел независимость, – сообщил Данияр Таскимбаев.

Как говорится, добро пожаловать в музей.

Судя по всему, все самое лучшее здесь только начинается.

Татьяна КАЗАНЦЕВА